

2025 жылға арналған мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 60 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағының 8-5) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылға арналған мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
2025 жылғы 18 наурыздағы
№ 60 қаулысына қосымша

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық- педагогикалық қолдаудың 2025 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мамандар	Жеке сабақ (1 сағат, теңге)		Кіші топ сабақтары (1 сағат, теңге)		Топтық сабақтары (1 сағат, теңге)	
	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала
Психолог	8193	6937	2884	2465	1367	1187
Логопед	8657	7320	3038	2593	1433	1242
Дефектолог	8815	7450	3091	2636	1455	1260
Олигофреноп едагог	8994	7597	3150	2685	1481	1282
Инструктор ЛФК	8182	6942	2929	2516	1428	1251